

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің (РО) жанындағы интернаты КММ «Дебат клубы фракциясы» бойынша ақпар

«Алаш» дебат клубының мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектеп ішіліс пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Дамытушылық: Шығармашылық жұмыстар орындату арқылы оқушылардың ой-өрісін, жоспар құру, тезиз жазу

«Алаш» дебат клубының міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтанш сезімдерін қалыптастыру
-
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікір таластар арқылы ортаға салу
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойындарды дәлелдей білуге баулу

- Оқушының өзін – өзін тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриоттымыз.
- Білікті, оқу – тәрбие беру.
- Мектептің үздік оқушыларынан ықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікір сайыс турнирлеріне қатыстыру.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікір сайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңа қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.

.

Басқа адамдардың көзқарастарымен санаспайтын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;

- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады
- Жұрталдындағы сайыстарға еркін қатысады

.

Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

15.09.2022 ж. Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты мектебінде Балалар жылына орай «Дені сау бала» Мектеп парламентінің фракциялары арасында «Пікір сайыс» өтті. Пікір сайысқа дебат фракциясынан «Алаш» дебат клубы, спорт фракциясынан «Азу» дебат клубы өзара бәсекелесті. Бұл палата «Жас өспірімдердің денсаулық сақтау?», «Балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нағайту және қорғау», «Балалардың денсаулығымен қауіпсіздігі?» секілді тақырыптар көтерілді.

«Дебат» фракция клубының Негізгі мақсаттары мен міндеттері Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектеп ішілік пікір сайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікір сайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Пікір сайыс арасында

Финалдық ойын нәтижесінде:

1 орын – «АЗУ» дебат клубы

2 орын – «АЛАШ» дебат клубы





07.10.2022 ж. Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты мектебінде Қазақстың атақты биі өз заманында халықаралық деңгейде келісімдер жүргізген, «ұраны – алаш, керегесі – ағаш» елдің атынан сөз айтқан ұлы бабамыз Қазыбек бидің туғанына 355 жыл толуына орай **«Қазақтың үш биі және Қазақ хандығының заңдары» тақырыбында** 8-11 сыныптар арасында «Пікір сайыс» өтті. «Бірлік» дебат клубы, «Алаш» дебат клубы, «Өркен» дебат клубтары арасында ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Оқушыларға Қазыбек би Келдібекұлының өмірі мен шешендігі, оның халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, әділ қазы, қоғам қайраткері болғандығы жайында мағлұмат беру, еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Дебат кезінде «Қаз дауысты Қазыбек бидің шешендік сөздері », «Қара қылды қақ жарып, әділ билік айтқан билердің игі істері, бойындағы қасиеттері», «» сынды тақырыптар қозғалды. «Бірлік» дебат клубы нақты ақпараттармен бөлісіп, нақты статистиканы дәлелмен келтіріп жеңіске жетті.

1 орын- «Бірлік» дебат клубы

2 орын- «Алаш» дебат клубы

3 орын – «Өркен» дебат клубы жүлделерге ие болды.

07.11.2022 ж.Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты мектебінде 8-11 сыныптар «**Қоғамдық тәртіп негіздері**» тақырыбында «**Пікір сайыс**» өтті.

Мақсаты: Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа баулу, көпшілік орындарда өзін-өзі ұстай білуге дағдыландыру. Дебатта қаралған тақырыптар:

1) Қазіргі кезде адам бойынан көбінесе тәртіпсіздік, бірін-бірі сыйламау, адамдарға деген дөрекілік, өтірік айту, сабақтан қашу, ұстаздарды, ата-ананы сыйламау сияқты жаман қасиеттерді көп байқауға болады.

2) Кей адамдар өте жалқау болып келеді. Еңбек еткісі келмейді. Ата-анасының тапқанын шашса болды, бос уақыттарын тиімді пайдаланбайды. Сол себептен де жаман әдеттерге үйір болып келеді.

3) Әр адамның бойында ары-таза, намысы-берік, ұяты-күшті болуы керек. Егер осы үшеуі де адам бойында қалыптасқан болса, онда нағыз тәрбиелі де тәртіпті адам.

Адамгершілік қасиеттерді дұрыс бағалай білуіміз керек. Адамгершілікке барлық қасиеттер саяды. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Өзіңнің жіберген қателігіңді мойындау – ол үлкен ерлікпен тең қасиет. Қателігіңді мойындау ешкімге зияныңды тигізбеу, ешкімнің обалына қалмау. Адам адамнан білімімен, тәрбиелілігімен, әдептілігімен, мәдениеттілігімен әдемі мінезімен озады

1 орын – «Алау» тобы

2 орын – «Алаш» тобы

3 орын – «Ақиқат» тобы өзара жүлделерге ие болды.

09.12.2022 ж. Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты мектебінде «**Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі**» «тақырыбында пікір сайыс өтті. Дебатқа 8-10 сыныптар арасынан құралған дебат клубтары қатыстырылды.

Мақсаты: Мәңгілік Ел – ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар туралы білімдерін кеңейту.

Міндеттері:

1. Оқушыларды Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін тарихын білуге үйрету..
2. Оқушылардың таным белсенділіктерін, қызығушылықтарын дамыту.
3. Оқушыларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой - пікірін білдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу.

«Халық өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан Халықтың Мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ. Мәңгілік Ел - бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл - кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы...»

Пікір сайысқа 8 сыныптардан құралған «Жалын» дебат клубы, 10 сыныптардан құралған «Парасат» дебат клубы және 9 сынып оқушыларынан құрылған «Алаш» дебат клубтары қатысты. Бұл палата: «Тәуелсіздіктің ең үздік жаңалығы», «Тәуелсіздік жетістіктері», «Қазақстандағы ең үздік мамандық» сынды тақырыптар қозғалды. Дебат кезінде «Алаш» дебат клубы өз белсенділіктерін көрсетіп, Тәуелсіздігіміздің жетістіктерін дәлелдеп кейсті ашты. дебат нәтижесінде:

I орын – «Алаш» тобы

II орын – «Жалын» тобы

III орын – «Парасат» тобы